

**“Өшпес эн мен тозбас
жырдың дүлдүлі”**



Алғы сөз

О, Нартай, шешен таңдай, қасқа маңдай,
Сөзің тәтті дәмді екен шекер балдай
Жүректі сілкіндіріп бір ояттың,
Сарғайып күншығыстан атқан таңдай
Ж.Жабаев

Қорқыт баба қобызы әдемі әуенімен тербеткен киелі өлке - Сыр топырағы өзгеден өнер оздырған таланттарға кенде емес. Қазақ даласында сазгерлік, жыраулық сынды дәстүрлі өнердің ұлттық өрнегі мен бояуы бұзылмай сақталған өңір де осы Сыр өлкесі. Сол киелі өнердің көшін талай – талай талантты толқын жалғастырып, желісін үзбей бүгінге жеткізді. Қазірде үлкенді - кішілі өнер додаларында Сыр бойының мерейін асқақтатып жүрген таланттарымыз осы өлкеде ежелден қалыптасқан өнердің бұрынғыдан да биіктей түскенін үнемі дәлелдеп жүр. Сонысымен де Сырдың өркенді өнерінің өрісті екеніне сендіреді.

Қай заманда да өнер иелері, ақындар, әншілер, жыршылар халықтың ең сыйлы, ең абзал, ең ардақты азаматтары болған. Олар ел басына күн туғанда күңгірт тартқан көңілге шуақ орнатып, жылағанын жұбатқан, егілгенді қуантқан. Сондықтан да халық мүлдай әншілер мен жыршыларды, ақындар мен жазушыларды жанындай жақсы көріп, керемет құрметтеген. Айтыста жеңіп шыққан, ән салса озып шыққан шашасына шаң жұқпаған жүйрік, Сыр бойының топ жарған саңлағы Нартай Бекежановты да туған халқы дәл осылай сыйлаған. Сыр бойының дарынды ақыны, бұлбұл үнді әншісі Нартайға деген ыстық ықылас бұдан былайғы уақытта да ешқашан бәсеңсімек емес.

Бекежан

Қожамбет

Бәйімбет

Әйтікей

Әйеке

Асан

Үсен

Қонақбай

Алыпқаш

Ізекей

Әлтай

Сыздық

Нартай

Махмуд

Серік

Мархабат

Руслан

Талғат



1890 жылы 26 наурызда Қызылорда облысы , Шиелі ауданы (бұрынғы Атбайлар) Нартай Бекежанов аулында дүниеге келген.

Арқаның атақты ақын-әншісі Тайжаннан бата алған.

1934 жылы маусым айында Алматыда өткен халық өнерпаздарының өлкелік слетіне қатысты.

1939 жылы Алматыда өткен жас ақындар мен халық ақындарының слетіне қатысты.

1939 жылы Москвада болған ауыл шаруашылық көрмесінің концертінде үздік өнер көрсетті.

1934-54 жылдары Қазақстан жазушыларының съездеріне делегат болды.

1949 жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігін ашты.

О Бодықов “Бұлбұл” повесі

Ә Тәжібаев “Батыр мен ақын” пьесасы

О Сәрсенбаев “Нартуған ” романы

Ш Әбдібаев “Ән еркесі ” жинақ

А Достияроа “Нарекең –нағыз Нар екен” өмірнама

М Рүстемов “Нартай” повесі

Ол жайлы

Мұхамеджан Рүстемов — мектеп түлегі. Елге танымал композитор, әнші, термеші. Елуден асқан әндер шығарған. «Өміргүлі», «Ақ босаға» әндер жинағының, «Нартай» атты деректі повестің авторы.



Әбіләш Әбуев — мектеп түлегі. Мектепте жүргенде-ақ асқан әншілігімен танылған өнерпаз, 1957 жылы фестивальге қатысқан ол, «Бала Жамбыл» деген ат алады. Нартай әндерін



Музейдің сыртқы көрінісі



Музейдің ішкі көрінісі



Музыкалық аспаптар




Нартай ата сырнайы




Нартай атаның мадақтаулары

Ертеде өткен Шығыстың дана ойшылдарының бірі: «Егер бір елдің қалай басқарылып отырғандығын, халқының үлгі тұтар өнегесінің қандай екендігін білгің келсе, сол халықтың өнеріне, музыкасына құлақ түр» - деген екен.











Нартай музейі



Нартай
ізбасарлары



Тойыңды бастар ерке едім.



Нартай: “Көңіл шіркін көк
дөнен”

Өздерің білер Нартаймын,
Нар да болса қартайдым.
Арнасы бар да, өзі жоқ,
Бұрынғы ащы айқайдың.
Тұзағы түсті мойныма,
Кәрілік деген сайтанның.
Алпыс жыл тарттым сырнайды,
Сырнайым енді көнерді.
Көнергенше сырнайым,
Күйіме жұртым кенелді.
Шырылдап туған сәбиге,
Жаялық еттім өлеңді.
Дірілдеп тұрған кәріге,
Таяныш еттім өлеңді.
Ыстықта болдым көлеңке,
Боранда болдым ығыңдай.
Еңбекте жүрдім қасыңда,
Жанымды күйттеп тығылмай.
Тобыңды бастар серке едім,
Тойыңды бастар ерке едім.





**Нартай ізбасары Құрманбек
Бекпейісовпен кездесу**

Қазақтың халық поэзиясындағы суырыпсалма, төкпе ақындық пен композиторлық, орындаушылық (әншілік, жыршылық) өнердің үздік шебері Нартай Бекежановтың (1890–1954) шығармашылығы – ұлттық рухани құндылықтар қатарындағы қазынамыз. Нартайдың өзіне дейінгі қазақ поэзиясындағы ақындық дәстүрге тән белгілерді қолдануы мен шығармашылығындағы қоғамдық-әлеуметтік мазмұнды игерген жаңашылдығы, өзіндік стилі – дәстүрлі жалғастықтың көрінісі.

Нартай Бекежанов – қазақтың халық поэзиясының тарихында өзіндік дара шығармашылық ерекшелігімен мәңгілік ақындық екінші өмірін жасап кеткен үлкен тұлға. Оның шығармашылығы – қазақтың халық поэзиясы тарихындағы суырыпсалма, төкпе (импровизаторлық) ақындық, әншілік, жыршылық, композиторлық қасиеттерді толық, тұтастай сіңірген қыры мол сан салалы мұра. Осыған байланысты қазақтың халық поэзиясындағы Ж.Жабаев, Н.Байганин, К.Әзірбаев, А.Тәжібаева, Н. Баймұратов, Р.Мәзхожаев және жазба поэзиядағы А.Тоқмағамбетов, Ә.Тәжібаев, С.Мәуленов, М. Әлімбаев, т.б. аға буын ақындар Нартайдың ақындық өнері мен азаматтық тұлғасы туралы жақсы пікірлер жазды. Сонымен бірге Қазақстанның барлық атыраптарындағы ақын-жыраулар да Нартайды ұстаз тұтып, оның суырыпсалма, төкпе ақындықты, орындаушылық (әншілік, жыршылық), композиторлықты тұтас меңгерген дәстүрін жалғастырды.

Мысалы, қазақ поэзиясының алыбы ұлы Жамбыл:

О, Нартай, шешен таңдай, қасқа маңдай,

Сөзің тәтті, дәмді екен шекер балдай.

Жүректі сілкіндіріп бір ояттың,

Сарғайып Күншығыстан атқан таңдай», – деп, Нартай жырларының эстетикалық

қуатына баға берген.

A photograph of several dandelion seed heads against a clear blue sky. One large seed head is in the foreground on the right, with its stem and green leaves visible. Several other seed heads are scattered in the upper left and middle of the frame, some appearing to be blowing away. The text is overlaid on the left side of the image.

Сазды аға , сырбаз аға сыр елінде,


Қалдың сен жастың өлмес жүрегінде.

Тулаған тұлпар дауыс күмбірлетіп,

Нартай жоқ, әні бізбен жүр өмірде

Бір күні Сыр бойының басымен алысқан бір болысы ақынға: «Сенің өлеңіңнен басқа дымың жоқ, сонда да саған жұрт үйіріле түседі, менде бәрі де бар, сонда да меннен жұрт жиырыла түседі, осының мәнісін айтшы», - дегенде, Нартай бөгелместен былай депті:

*Жақсы көрсе жұрт мені,
Сайрап салған әнім зой.
Әнімнің жайы қашаннан,
Ағайынға мәлім зой.
Ән деген әлсіз жүрекке
Қуат құяр дәрі зой.
Жек көргізген сені елге
Жыланша жайған зәрің зой.*



**Назар қойып,
тыңдағандарыңызға рахмет!**